



«БЕКІТІЛГЕН»

«Tumar» СБ» ЖШС

директорының

2026 жылғы «21» шілдедегі

№ 07/21-01-О/Д бұйрығымен

**Freedom SuperApp мобильдік қосымшасындағы жеке тұлғаларға арналған «ОГПО
рәсімде – Тұлпар ал!» акциясының қағидалары**

1. Терминдер мен анықтамалар:

Акция – «Tumar» СБ» ЖШС қызметтерін ілгерілету, клиенттердің «Tumar» СБ» ЖШС-ге деген лоялдығын арттыру, сондай-ақ SuperApp-та орналастырылған «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру полисін сатып алуға қол жеткізуді беру» сервисінде клиенттердің «Tumar» СБ» ЖШС делдалдық қызметтерін сатып алу белсенділігін арттыру мақсатында өткізілетін «Tumar» СБ» ЖШС-нің маркетингтік іс-шарасы.

Сақтандыру шарты – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты;

Акцияны ұйымдастырушы (бұдан әрі – «Ұйымдастырушы») – «Tumar» СБ» ЖШС.

Серіктес – «Freedom Bank Kazakhstan» АҚ.

Сервис – Ұйымдастырушының SuperApp-тағы «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру полисін сатып алуға қол жеткізуді беру» сервисі.

Транзакция – Акцияны ұйымдастырушының қызметтерін сатып алу үшін Серіктестің төлем картасын не оның деректемелерін пайдалана отырып Қатысушы жасаған операция.

Акцияға қатысушы (бұдан әрі – «Қатысушы») – SuperApp арқылы Ұйымдастырушының сервисінде Акцияны ұйымдастырушының қызметтерін пайдаланған, 18 жастан асқан әрекетке қабілетті жеке тұлға.

Банктің «Freedom SuperApp» мобильдік қосымшасы – мобильдік құрылғыға орнатылған қосымша (бағдарламалық қамтылым) арқылы қашықтықтан электрондық банк қызметтерін және Банк серіктестерінің қызметтерін алуға арналған Freedom SuperApp ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – **SuperApp**).

2. Жалпы ережелер

- 2.1. Акция осы Қағидаларда (бұдан әрі – **«Қағидалар»**) көрсетілген тәртіппен және шарттармен өткізіледі.
- 2.2. Акцияға қатысу Қатысушының Қағидалардың барлық ережелерімен танысқанын және олармен келісетінін растау болып табылады.
- 2.3. Акцияға қатысу ерікті және тегін.
- 2.4. Акция SuperApp-та өткізіледі.
- 2.5. Акцияның қолданылу мерзімі: 2026 жылғы 21 шілдеден бастап 2027 жылғы 20 шілдені қоса алғанда. Ұйымдастырушы өзінің ресми ресурстарында хабарлай отырып, қолданылу мерзімін ұзартуға немесе Акцияны мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

- 2.6. Ұйымдастырушы Қағидалармен танысу мүмкіндігін өзінің tumar.finance мекенжайындағы сайтында қамтамасыз етеді.
- 2.7. Ұйымдастырушы Қағидалар мен Акция шарттарын біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы. Қағидаларға енгізілген өзгерістер Ұйымдастырушының ресми ресурсында жарияланады. Қағидалар өзгертілгеннен кейін Акцияға қатысуды жалғастыру Қатысушының жаңа шарттармен келіскенін білдіреді.

3. Акцияға қатысу тәртібі мен шарттары

- 3.1. Акцияға қатысу үшін Қатысушыға мыналар қажет:
 - Серіктестің клиенті болу;
 - SuperApp-тағы Сервисте Ұйымдастырушының қызметтерін пайдалану.
 - SuperApp-та Ұйымдастырушының делдалдығымен жасалған сақтандыру шарты бойынша тиісті сақтандыру сыйлықақысын және брокерлік (комиссиялық) сыйақыны төлеу.
- 3.2. Осы Қағидалардың 3.1-тармағында көрсетілген барлық әрекеттер орындалған жағдайда, Ұйымдастырушы өз қаражаты есебінен сақтандыру ұйымымен ерікті сақтандыру шартын (бұдан әрі – Tulpar) жасасу арқылы Клиентке оның көлік құралы иесі ретіндегі үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің сақтандыру қорғанысын қамтамасыз етеді, бұл ретте Ұйымдастырушы Сақтанушы, ал Қатысушы Сақтандырылушы болып табылады.
- 3.3. Tulpar-дың қолданылу мерзімі сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен бірдей.
- 3.4. Tulpar-дағы Сақтандырылушылардың тізбесі сақтандыру шартында көрсетілген Сақтандырылушылардың тізімімен бірдей.
- 3.5. Ұйымдастырушының делдалдығымен жасалған сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылып, бір мезгілде оның делдалдығымен жаңа сақтандыру шарты жасалған жағдайда, Ұйымдастырушы сақтандырылушылардың тізбесі мен қолданылу мерзімін жаңа сақтандыру шартына сәйкес келтіру үшін Tulpar-ға өзгерістер енгізуді жүзеге асырады.
- 3.6. Ұйымдастырушының делдалдығымен жасалған сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылып, бір мезгілде оның делдалдығымен брокерлік (комиссиялық) сыйақы көзделмеген жаңа сақтандыру шарты жасалған жағдайда, Tulpar-ға өзгерістер енгізілмейді.
- 3.7. Ұйымдастырушының делдалдығымен жасалған сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Ұйымдастырушы Tulpar-ды бұзуды жүзеге асырады.
- 3.8. Ұйымдастырушының Қатысушыға Tulpar беруі Сервис шеңберіндегі Ұйымдастырушының комиссиялық (брокерлік) сыйақысының мөлшеріне әсер етпейді.

4. Шектеулер.

- 5.1. Tulpar рәсімдеуді (беруді) көздейтін осы Бағдарламаның шарттары Серіктестің және/немесе Ұйымдастырушының өзге промокодтарымен, сондай-ақ Ұйымдастырушының басқа да арнайы ұсыныстарымен және акцияларымен қосылмайды. Tulpar алу кезінде өзге де артықшылықтарды қайталап немесе бір мезгілде пайдалануға жол берілмейді.
- 5.2. Егер SuperApp-тағы Ұйымдастырушының Сервисі арқылы операция жасау кезінде төленуге жататын комиссиялық (брокерлік) сыйақының мөлшері 0 (нөл) теңгеге тең болса, Tulpar Қатысушыға берілмейді.
- 5.3. Қатысушы Tulpar-ды өз бетінше бұзуға құқылы емес.



5. Қорытынды ережелер.

- 6.1. Акция шарттары бойынша қосымша ақпарат және түсініктеме алу үшін қатысушылар Ұйымдастырушының қолдау қызметіне жүгіне алады: info@tumar.finance
- 6.2. Ұйымдастырушы техникалық ақаулар, үшінші тұлғалардың әрекеттері және Акцияға қатысуға кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар үшін жауап бермейді.